КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 6 ақпан Іс №1513-23-00-2/3498 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С.Е.Мукашеваның,
сот отырысының хатшысы Б.И.Калиеваның қатысуымен,
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер (Компания «KILOBIT») Жан Ержанович Калиакбаров

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану;
2. тұрақсыздық айыппұлды өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
талап қоюшының өкілі А.Д.Сыдыгалиева

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 29 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер (Компания «KILOBIT») Жан Ержанович Калиакбаровтың (өнім беруші) арасында «Бағалы сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде №192 мемлекеттік сатып алу шарты жасалған.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Өнім беруші шарттың №1 қосымшасына және техникалық ерекшелікке сәйкес, жалпы сомасы 625 500 теңгеге «3 дана фотобарабан» тауарларын шарт күшіне енген күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге тиіс болған.

Шарт қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы 2023 жылғы 12 қазанда енгізілген.

Өнім беруші тарапынан шарттық міндеттемелер орындалмаған.

Талап қоюшы сотқа талап қою беріп, онда шарттық міндеттерін орындамағаны үшін жауапкер жеке кәсіпкер (Компания «KILOBIT») Жан Ержанович Калиакбаровты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және 14 386,05 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыппұлды өндіруді талап еткен.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір түскен жоқ.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі жауапкермен шарттық міндеттемелердің орындалмағанын, шарттың біржақты бұзылғаннын, олар үшін жағымсыз салдарының туындағанын айтып, талап қоюда келтірген уәждерін қолдап, толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланғанымен жауапкер атынан өкіл сот отырысына қатысқан жоқ, істі өзінің қатысуынсыз қарау туралы сотқа арызданбаған.

Істі негізінен қарау үшін дәлелдемелер жеткілікті болғандықтан, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 196-бабының (әрі қарай–АПК) талаптарын басшылыққа алып, сот істі жауапкердің өкілінің қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай – АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай – Заң) 12-бабының 4-тармағы 3-тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып

Құжатқа қол қойылған: Мұқашева С. Е., 13.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 18.03.2024, судья Мұқашева С. Е., 20.03.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

алуды бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші не уәкілетті орган әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, жауапкер өзіне мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт бойынша жүктелген міндеттемені орындамаған.

Жауапкер тарапынан шарттық міндеттемелерді орындау мақсатында қандай да бір әрекет қолданғаны жөнінде дәлелдемелер сотқа ұсынылған жоқ.

Талап қоюшымен мемлекеттік сатып алу порталы арқылы шартты біржақты бұзу жөнінде хабарламасы жолданған.

Тараптар арасында жасалған мемлекеттік сатып алу шарты 2023 жылғы 16 қарашада бұзылған.

Талап қоюшы тарапынан сотқа жүгіну мерзімі бұзылмаған, шарттық міндеттеме 2023 жылғы 15 қазанды қоса есептеген күнге дейін орындалу қажет болған. Талап қоюшы сотқа талап қоюмен 2023 жылғы 8 қарашада жүгінген.

Бұл тұрғыда, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деген тұжырымға келеді.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден жергілікті бюджетке 1 725 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес, жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігер міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Мердігерден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстапқалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 % артық болмауы тиіс.

Құжатқа қол қойылған: Мұқашева С. Е., 13.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 18.03.2024, судья Мукашева С. Е., 20.03.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Талап қоюшының есебі бойынша тұрақсыздық айыбы 23 күнге 625 500*0,1%*23 күн=14 386 теңге 05 тиынды құрайды.

Сот талап қоюшының есебін қабылдайды.

АПК-нің 109-бабына сәйкес, жауапкерден талап қоюшының пайдасына 14 386 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыппұл және жергілікті бюджетке 432 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер (Компания «KILOBIT») Жан Ержанович Калиакбаров мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер (Компания «KILOBIT») Жан Ержанович Калиакбаровтан талап қоюшы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының пайдасына 14 386 (он төрт мың үш жүз сексен алты) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыппұл және 432 (төрт жүз отыз екі) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер (Компания «KILOBIT») Жан Ержанович Калиакбаровтан жергілікті бюджетке 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің төрт жүз үш төрт жүз төртінші-баптарының талаптарын сақтап, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, осы кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Мұқашева С. Е., 13.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 18.03.2024, судья Мұқашева С. Е., 20.03.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Судья С.Е.Мукашева

Құжатқа қол қойылған: Мукашева С. Е., 13.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 18.03.2024, судья Мукашева С. Е., 20.03.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
- Судопроизводство -

1513-23-3-1/4002